

**Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің "**  
**Телекоммуникация саласындағы техникалық сүйемелдеу және талдау орталығы"**  
**шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру**  
**туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі N 362 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес, байланыс саласындағы және ақпараттандыру, ақпарат салаларындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

1. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің "Телекоммуникация саласындағы техникалық сүйемелдеу және талдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні телекоммуникация саласындағы қызмет, оның ішінде мыналар бойынша:

1) радиожилік спектрі және радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесін, радиоэлектрондық құралдар мен радиожиліктер тағайындаудың тізілімін (деректер базасын) сүйемелдеу, сондай-ақ және азаматтық мақсаттағы жоғары жиілік құрылғыларды радиоэлектрондық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу жөнінде қызметтер көрсетуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарының және жоғары жиілік құрылғыларының электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымында біріктірілген ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді техникалық сүйемелдеуге қатысу;

3) мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу мәселелерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету болып белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.26 N 986 (2009.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.29 № 1267 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

4. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізісін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 7

с ә у і р д е г і

№

3 6 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.18 № 427 Қаулысымен.**

3. "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы № 1355 қаулысында:

2-1-тармақтың 2) тармақшасында:

"үйлесімділігін қамтамасыз ету" деген сөздер "үйлесімділігін есептеуді жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"электрмагниттік үйлесімділікті есептеуді жүргізуді қоса алғанда," деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарының және жоғары жиілік құрылғыларының электрмагниттік үйлесімділігіне есептеу жүргізу жөнінде қызметтер көрсету;"

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2008 жылғы 17 сәуірдегі  
N 362 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 22 шілдедегі  
N 724 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің  
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.18 № 427 Қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК